

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

17. Квятковский А.П. Поэтический словарь. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://feb-web.ru/feb/kps/kps-abc>
18. Фенчук О.Н. Структура и функции памяти в поэзии И.А. Бунина. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://www.aspirant.vsu.ru/ref.php?cand=2349>
19. Бунин И.А. Полное собрание сочинений в 13 томах. Т. 1. Стихотворения.
20. (1888 – 1911); Рассказы (1892—1901); Т. 5. Жизнь Арсеньева .
21. Роман (1927–1929; 1933); Божье древо. Рассказы (1927–1931). – М.:
22. Воскресенье, 2006. – 480 стр. с ил.

ӘОЖ 94(574)

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Нұрғали Ерасыл Тайманұлы

erom_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Шәріпхан М.

Ұлы «Жібек Жолы» («丝绸之路») — Қытайдың Ши-ань деген жерінен бастап, Шынжаң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендік жол бағыты. «Ұлы Жібек жолы» деген атау тек 1877 жылы пайда болды. Оны неміс географы Фердинанд фон Рихтгофен қалыптастырды. Ұлы Жібек жолы – адамзат өркениеті жасаған тарихи ескерткіштердің бірі. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол Еуропа мен Азияның – Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болған. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін тұсында VI ғасырдан бастап, екі бағыт: Сырдария және Тянь-Шань жолдары бағыттары кең өрістетілген [1] .

Ұлы «Жібек жолы» көптеген ғасырларға созылып, ежелгі және орта ғасырларда Шығыс және Батыс өркениетін байланыстырған керуен сауда жолдарына берілген танымал атау болып табылады. Жібек жолының негізгі бағыты Қытайдан бастап, кейін Тарым арқылы Ган-Су дәлізі бойымен, Памир және Тянь-Шань таулы аймағы, Орталық Азия, Ауғанстан, Иран, Жерорта теңізінің шығыс жағалаулары мен Еуропа Таяу Шығыс елдердің сауда орталықтары бойымен саяхаттады. Ұлы Жібек жолы алғашқы б.з.д. II ғасырда Қытай мен Рим империясының астанасы арасындағы бағыты ретінде жұмыс істеді. Оның ұзандығы шамамен 7000 шақырым болды.

Ұлы Жібек жолы, шын мәнінде, Еуразиядағы көптеген адамдардың өміріне аса маңызды рөл атқарған маршруттар желісі болып табылады. Ежелгі және орта ғасырлардағы маңызды жол, тауарлар мен ақпарат көзі, сондай-ақ көптеген қақтығыстар мен соғыстар нүктесі болды. Осы бағыттың әсерінен көптеген халықтар мен мәдениеттер, ұлы державалардың сауда орталықтары, сондай-ақ әлемдік империялардың көптеген қалалары байланыста болды. Империялардың сауда орталықтары мен астаналары, гүлденіп, әйгілі болды.

Керуен жолдарының желісі Қытайдан бастау алып, Жерорта теңізінің жағалауы, Еуропа мен Азияны кесіп, көне заманның Шығысы пен Батысының арасындағы мәдени алмасудың маңызды құралы ретінде қызмет атқарды. Жібек жолының ең ұзын бөлігі Орта Азия мен Қазақстан аумағында жатыр.

Қытайдан жібек тиеліп, Үндістан мен Ираннан күміс тауарлар, Византиядан киім, түркілік құлдар, керамика және дәмдеуіштер мен асыл тастар алынып, Кара-Қызылқұм және Қызыл-Қызылқұм шөлінен, Сары-Арқаның шексіз даласынан; Памир және Тянь-Шань, Алтай, Қаратау жоталарынан өтіп, Мурғаб, Өмудария мен Сырдария өзендерін кесіп өтеді.

Мерв (Түрікменстан); Бұқара, Самарқанд, Хиуалық Үргеніш және (Өзбекстан); Отырар, Тараз және Шымкент (Қазақстан); Дүгүл, Суябтан, Новокент, Баласағұн, Борыскөн, Таш-Рабат, Ош және Үзгент (Қырғызстан)- осы қалалар арқылы Ұлы Жібек жолы өткен болатын.

Ұлы Жібек жолының, біріншіден, Оңтүстік бағыты, Алай мен Қызыл-Су салаларының бойында, Термез арқылы Самарқаннан Душанбеге дейін, кейін Қашғарға барар жолда бағыт қосылып, қазіргі заманғы Иркиштам қаласына шықты. Екіншісі, Ферғана бағыты - Исфара, Қоқан және Өш-Ходжент қалалары арқылы Самарқандқа әкелді. Үшіншісі, Солтүстік бағыт, Замин Рабадтан Бенкентке (Ташкент), Испиджаб (Шымкент), Тараз (Жамбыл), Нүзкент (Кара-Балта), және Баласағұн (Боран) қалалары арқылы жүрді. Осы жерден керуендер Сан-Таш өлкесінен Қытайға Ыстықкөл аймағына және одан әрі қарай Бум каньоны бойымен саяхаттады.

Керуеннің жүру жағдайы баяу қарқынмен жалғасты. Жақсы күндік жол 8 фарса (50 км), аз дегенде 4 фарса (25 км) жол жүру керек болды. Керуен құрамы әр түрлі дайындайды. Бір жүргенде 10000 аңды тасыған кейбір үлкен керуендердің болғандығын көптеген жазбалар дәлелдейді. Барлық жолдар, керуеннен-сарайға (кездесулер) тұрақты аралықтарда орналасты. Өзендердің арасына көпірлер салынған болатын. Қытайдан Жерорта теңізіне дейін баратын кішкене жол болды. Халықаралық жолдар жаңа орындарды ашып отырды, себебі, отырықшы өсімдік шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығымен қатар дамыды.

Ұлы Жібек жолының пионері - I ғасырда өмір сүрген Қытай дипломаты Чжань Цань болды. Бұл сауда жолының Орталық Азия мен Тянь-Шаньнан сауданың өткенін, археологтар, Қытай теңгелерінің көп мөлшерде табылуы, қола айна, жібек қалдықтарының және қытай қыш сынықтарының табылуымен байланыстырады. Қытай жүзімі, жоңышқа, пияз, мақта, анар, жаңғақтар, інжір ағаштар мен қияр өсіру Қытайда дамыды, және Қытайдың арқасында жібек құртының шаруашылығы және қағаз өндіру Орталық Азияда дами бастады.

Итальяндық Франческо Пеголотти, Флоренцияның Бари фирмасының саяхатшысы, кері үйіне сегіз жылдан кейін, 1355 жылы келді. Ол көптеген қытайдың қалың ормандарын, араб фарсаларын және Ұлы Жібек жолымен Еуропаның бірнеше жерлерін көріп қайтқан болатын. Ол «Сауда тәжірибесі, немесе барлық елдердің көпестері үшін қажетті білімдер, олардың жер бөлу, сауда іс-шаралары, сондай-ақ басқа да нәрселер туралы трактаттар» атты кітаптың авторы атанды.[2]

Ұлы Жібек жолының бір тармағы – Египет пен Вавилонда, Иранда өте қымбат бағаланатын, әдемі көк тас лазурит тасымалданған — «лазурит жолы» («青金石之路») деп аталған. Екінші тармағы – Қытайдағы императорлар мен ақсүйектердің сүйікті заты болған әшекейлер жасау үшін әдемі нефрит тасын тасымалдайтын — «нефрит жолы» («软玉之路») болған. Ал үшінші «бұлғын жолымен» («黑貂之路») қымбат бағалы терілер тасылған. Ғалымдардың анықтағананындай бұл б. з. б. II ғасырда болған.

Ұлы Жібек жолы ежелгі және орта ғасырлардағы континент аралық жол, ал Еуропа мен Азияны байланыстырған. Еуразияны бөліп Қазақстан аумағын басып өтетін Ұлы Жібек жолының тарихы өте ертеден басталды. Ұлы жібек жолы – Жерорта теңізі маңындағы батыстық мәдениеті дамыған өркениетті елдерден Қытайға дейін баратын сауда-керуен жолы. Жібек жолымен ең алғашқы сауда байланысы б.з.д. III-II ғасырларда жасалған. Бұл сауда жолының Жібек жолы атануында үлкен мән бар. Себебі алғашқы негізгі тауары жібек (Қытай) болған.[3]

Б.з.д. II Ұлы Жібек жолының басты сауда дипломатиялық жолы ретінде аты шығады. Ұлы Жібек жолы Алтай, Памир, Тянь-Шань, Сырдария, Өмудария жерімен өткен. Ұлы Жібек жолының VI-VII ғасырлардағы ең гүлденген бағыты Қытайдан Жетісу және Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін батыс бағыты. Орта ғасыр саудасындағы ең құнды тауар жібек болған, оның құны алтынмен бағаланған. Жібек жолында Византиялық алтын солид үлкен сұраныста болып, ол халықаралық валюта ретінде кеңінен пайдаланылды. Жібек жолының бойында Тараз, Баласағұн, Бұхара, Самарқан, Сайрам, Сауран, Отырар, Сығанақ, Меркі, Талхиз, Үргеніш, Испиджаб, Шаш, Весидж, Шауғар тағы басқа ірі ортағасырлық қалалар орналасқан. Кейін XIII-XIV ғасырларда Жібек жолының саяси-экономикалық маңызы одан сайын артқан [4, 36].

Ортағасырлық Жібек жолының маңызы мынандай: бірінші, отырықшы және көшпелі мәдениет бірін-бірі байытты, екінші, қала саны артты, үшінші, сыртқы байланыс дамыды, төртінші, сауда-саттық кеңейді. Сондай-ақ, Жібек жолы бойындағы елдердің әдебиеті мен өнері бір-біріне әсер етіп, өзара байыды. Жібек жолы Қазақстан мен Орта Азияда мәдени-экономикалық жағдайдың өрлеуіне ықпал етті. Жалпы, Жібек жолымен 2000 жылдан астам уақыт бойы сауда керендер жүрген. Жібек жолымен шығыстан будда, батыстан христиан діні таралған. Жібек жолы сауда жолы ғана емес, көшпелі, отырықшы халықтар мәдениетінің даму, таралу жолы болды. Ұлы Жібек жолы XIV-XV ғасырларға дейін пайдаланылды. Ал кейін теңіз сауда жолының пайда болуына байланысты жібек жолы өзінің маңызын жоғалтып, өмір сүруін тоқтатты [4, 37].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

4. www.wikipedia.kz
12. www.orexca.com
13. www.baq.kz
14. М.Б.Әмірханов, Ө.Д.Сандықбаева, Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы: оқу құралы – Алматы: “Нұр-пресс”, 2007.

ӘОЖ 711.417.2 (510)

ҚЫТАЙДЫҢ ДӘСТҮРЛІ БАУ-БАҚШАЛАРЫ

Нығметова Мадина Орынбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Шәріпхан М

Жер шарында әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі бар. Әйткенмен, қытайдың бау-бақшаларын қытай халқының мақтанышы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл нағыз жеке мәдениетке жатқызуға болады. Атап айтқанда, мәдениет формасында қытай бағбандарының туындылары нағыз мәдениеттің туындыларымен салыстыруға болады.

中国古代园林 (Қытайдың дәстүрлі бау-бақшалары) – үш мың ғасырдай тарихы бар, ландшафттық сипаттағы стильдегі бау-бақша. Қытайдың дәстүрлі бау-бақшаларының стилі ерекше, басқаға ұқсас емес. Баубақшаның мақсаты адам өзін қытай бағында табиғаттың ажырамас бөлшегі ретінде сезуіне керек. Онда барлығы ерекше философияны, әр бөлшекті, тәуелді мағыналы жүктемені алып жүреді. "Бір уыс жер және бір қасық су шексіз ойлар туғызады"- деп жазады қытай авторлары. Қытай бағының негізгі элементтері - су, тас және өсімдік. Олардың әрқайсылары терең әлемнің мәңгі ұғымдарын, бейнелі өмірді бейнелейді. Қытайда өнерді құру мен бау-бақшаны өсіру әдісі жүз жылдан асып кетті. Еуропалық бағбандарға қарағанда, қытай бағбандарының бақша жайлы нақты геометриялық өлшемдер кездеспейді. Қытай баубақшалары табиғаттың әр түрлі үйлесімділігінің болуына байланысты салынады. Баубақшаға өнеріне байланысты тәсілдің болуы еуропалықтар үшін үлкен жаңалық болды. Қытай бақшаларын ұнатқан ағылшындар, Ұлыбританияда XVIII ғасырда пейзаждық стиль пайда болды. Баубақша табиғаттың бөлшегі ретінде жасалуы, тек Ұлыбританияда емес, сонымен қатар, бүкіл Еуропаға және қазіргі таңда өзіндік маңыздылығын жоғалтқан жоқ [1,152].

Жалпы айтқанда, қытай бақшаларының 6 түрі бар. Негізгі түріне солтүстік императорлық және оңтүстік отбасылық бақшалары болса, қосымша түріне ғалымдар, үй, ғибадатхана, шынайы пейзаж, императорлық мола мен парктік бау-бақшалар.

Солтүстік императорлық бау-бақша - толығымен бағбанның қолымен жасалған бақша. Оның жасалуына жасанды төбешік салу, өзара жалғастырылған арықтардың арасынан арнайы суайдын қазылады. Арықтардың жағасы көпірмен жалғастырылған. Сонымен қатар,